

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және Спорт Министрлігі**  
**Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары Білім Министрлігі**  
**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті**

**Құрметті әріптестер!**

Сіздерді, Қазақстан Республикасы Мәдениет және Спорт Министрлігінің (2023 жылғы 24 ақпандағы №60 бұйрығы) 2023-2025 жылдарға арналған мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесі, Ғылым және Жоғары Білім Министрлігінің жоспарындағы 52 тармаққа енгізілген «Жошы Ұлысының құрылғанына 800 жылдығын» атап өту бағытымен бекітілген құжаттамалық негіздер арқылы республикалық жоспарға енген іс-шараларды өткізудің бірінде - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Тарих және этнология» ғылыми орталығы **2024 жылдың 17 мамыр күні «Жошы Ұлысы кезіндегі Ұлы Дала» атты халықаралық дөңгелек үстел жұмысына қатысуға шақырады.**

XIII ғасыр әлем өркениетінде ғаламдық қоғам құрылысының түбірінен өзгеруіне алып келген ұлы бетбұрыстардың кезеңі болды. Соның бірі - Ұлы Далада Жошы ұлысының құрылуы. Жошы - аз ғұмырына қарамастан 60-тан аса ірі шайқасқа қатысып, әлемнің 200-ге жуық қала, қамалды бағындырған әйгілі қолбасшы, әрі батыр. Сан елдерді бағындырған әскери стратег, ірі тактик. Шыңғыс ханның ұсынысымен Қыпшақ даласында өз ұлысын құрды. Бұл тарихта «Жошы ұлысы» немесе «Қыпшақ хандығы» деп аталады.

Зерттеушілердің айтуынша, Жошының қол астына қараған аумаққа қазіргі қазақ жерінің 65 пайызы кірген. Кейін бұл аумақтың құрамына Ресейдің еуропалық өңірі, Балтық теңізінің шығысындағы өлкелер, Польша, Мажарстан, Балқан елдері, Солтүстік Кавказ, Хорезм, Шығыс және Батыс Дешті Қыпшақ даласы енген. Осылайша, Жошы ұлысы немесе Қыпшақ даласы атанған ұлан-ғайыр даланың жалпы аумағы 10 миллион шаршы шақырымға жеткен.

Жошы ұлысы - протоқазақ мемлекеті болып есептеледі. Сол себепті Жошы ұлысының қазақ тарихындағы орны ерекше. Өйткені қазақтың дархан даласында құрылған осы түркі мемлекетінің соңы - Қазақ хандығының құрылуымен аяқталды. Жошыдан шыққан Жошидтер әулеті Қазақстан аумағында 1224 жылдан 1860 жылдарға дейін 6 ғасыр бойы билік жүргізді. Бұл кезең Қазақстан тарихы үшін маңызды кезең, мемлекеттілігіміздің «алтын ғасыры» болды.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2024 жылы 3 қаңтарда «Егемен Қазақстан» газетіне берген «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек» атты көлемді сұхбатында еліміздегі даталы тарихи оқиғалардың бірнешеуіне көңіл бөле келе, мемлекеттілігіміздің тамыры тереңде жатқанын әйгілейтін биыл іргетасы қаланғанына 800 жыл толатын Жошы ұлысының тарихына қатысты ауқымды зерттеулер қолға алынатынын атап өткен болатын. Сондықтан да Жошы Ұлысының 800 жылдық мерейтойын лайықты дәрежеде атап өту маңызды әрі абыройлы іс.

**Дөңгелек үстелдің мақсаты** - Жошы Ұлысының тарихын, оның Қазақ мемлекеттілігімен тарихи сабақтастығы мәселелерін жаңа көзқарастар мен методологиялық ұстанымдар тұрғысынан зерделеу. Жошы Ұлысын зерттеуде жекелеген тарихи тұлғалар, тарихи оқиғалар мен үдерістер, Қазақ хандығымен рухани-мәдени және саяси-тарихи сабақтастық қаншалықты зерделенді деген сұрақтарға жауап іздеу.

**Дөңгелек үстелде келесі бағыттар бойынша мәселелерді талқылау жоспарлануда:**

1. Жошы Ұлысы тарихына қатысты жаңа деректерді зерделеу;
2. Жошы Ұлысы тарихына қатысты жаңа көзқарастар және методологиялық ұстанымдар;
3. Қазақстан тарихын зерттеудегі соңғы тарихнамалық және деректанулық жетістіктер;
4. Жошы Ұлысындағы тарихи тұлғалардың орны мен қызметі;
5. Алтын Орда мен Қазақ хандығының сабақтастығы мәселелері;
6. Қазақ хандығы тарихын зерттеудің өзекті мәселелері;
7. Жошы Ұлысы дәуірінің мәдени мұрасы;
8. Жошы Ұлысының этностық қалыптасу тарихы;
9. Жошы Ұлысы тұсындағы ортағасырлық қалалар;
10. Жошы Ұлысы тарихын насихаттаудағы музейлердің ролі

Халықаралық дөңгелек үстелге қатысуға, ғылыми зерттеулерді таныстыруға және нәтижелерін талқылауға ғылыми-зерттеу институттарының ғалымы қызметкерлері, жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы, мемлекеттік билік органдарының және мәдениет саласының өкілдері, докторанттар мен магистранттар, сонымен қатар педагог-зерттеушілер, әдіскерлер, ізденуші жас ғалымдар шақырылады.

Дөңгелек үстелге қатысу туралы өтінімдер жөн мақалалар 2024 жылы 30 сәуірге дейін ұйымдастыру комитетіне жолдануы қажет.

**3 «Үздік» ғылыми зерттеу 2024 жылдың маусым айы соңында «Тарих және этнология» ғылыми орталығының «QAZAQTANÝ» республикалық ғылыми журнал басылымында мақала ретінде 2024 жылы 2 тоқсан / 22 санында / 06 ай - маусымда 2 (22) 06/ 2024 келесі рубрикаторларында:** (*Қазақстан тарихы; дүниежүзі тарихы; антропология; археология; этнология; түркітану; архив ісі; музей ісі; кітапхана ісі; саясаттану; философия; мәдениеттану; заңтану; халықаралық қатынастар; экономика; әлеуметтану; өлкетану; тұлғатану; қазіргі Қазақстанның этносаяси және этномәдени процестері, тіл білімі және әдебиет; өнер; бейнелеу өнері және дизайн*) **сәйкес жарияланады.** Журналда жариялау үшін, 75% түпнұсқалықты (антиплагиат) ескеру қажет. Жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын. Бірлескен авторлық ұжым - республикалық немесе халықаралық деңгейдегі ғалымдармен бірге 3 адамға дейін жарияланады. Дөңгелек үстелде талқыланған және нәтижесінде мақұлданған мақалаларды журналға шығаруға ынталанған авторлық ұжымдарға <https://qazaqtany.auezov.edu.kz> сайтымен танысып өз мақаларын 8000 (сегіз мың) теңге төлеп 2 (22) 06/ 2024 санына жариялайды.

#### **Ұйымдастырушы комитетпен байланыс:**

1. Торғаутова Шолпан Аширалиевна - тарих магистрі, М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Тарих және этнология» ғылыми орталығының басшысы; «Шаңырақ» ҚХА кафедралары қауымдастығы» РҚБ мүшесі, «QAZAQTANÝ» республикалық ғылыми журналдың жауапты редакторы. Тел.: 8-701-647-15-14; [torgautova82@mail.ru](mailto:torgautova82@mail.ru);

2. Кәрібаев Сәрсөбай Өскенұлы - тарих ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, «Тарих және этнология» ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері. Тел.: 8-701-364-52-58; [ksarsebay@mail.ru](mailto:ksarsebay@mail.ru)

**Мекен-жайы:** Шымкент, Тәуке хан даңғылы, 5. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, В ғимараты, 2 қабат, 204 кабинет «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» ғылыми зерттеу институтының «Тарих және этнология» ғылыми орталығы.

Дөңгелек үстел бағдарламасына енгізу үшін ұйымдастыру комитетінің мекен-жайына қатысушының тіркеу формасын ұсыну қажет (қосымшаны қараңыз). Жариялауға мұқият тексерілген және редакцияланған мәтіндер қабылданады.

#### **Мақалаларды рәсімдеу талаптары**

1. Мақала мәтіні қағаз және электронды түрде ұсынылады. Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторында Times New Roman шрифтімен терілген болуы тиіс, негізгі мәтін шрифтінің көлемі 12 p.t., сызбалар, диаграммалар - 11 p.t., жоларалық интервал - біреулік, тармақтың басындағы шегініс - 1,0, мәтінді енін бойлай теңестіру қажет.

2. Бет параметрлері: А4, жиегі: сол жағы - 2 см, оң жағы - 2 см, жоғары жағы - 2 см, төменгі жағы - 2 см.

3. Мақаланың жалпы көлемі, оның ішінде кестелер, иллюстрациялар және әдебиет тізімін қоса есептегенде - 3-тен 10 бетке дейін.

4. Мақала тақырыбы қысқаша болуы және мақаланың мазмұнын көрсетуі қажет

5. Қазақ тіліндегі мақалалар үшін *аннотация* және *ключевые слова*, орыс тіліндегі мақалалар үшін *түйін* және *кілт сөздер*, ағылшын тіліндегі мақалалар үшін *abstract* және *keywords* болуы міндетті. *аннотация*, *түйін* және *abstract* мазмұны бірдей болуы және сөздердің саны 100-150 болуы қажет.

6. Автор (лар) туралы ақпаратта мына мәліметтер болуы қажет: толық аты-жөні, академиялық дәрежесі, ғылыми атағы, мекеменің атауы, қала, мемлекет.

#### **Мақала құрылымы**

1. ҒТАХР (МРНТИ) - жоғарғы сол жақ бұрышта (11 p.t.).

2. Автор (лар)дың толық аты-жөні (12 p.t.). <https://orcid.org/>

3. Лауазымы, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, мекеменің атауы, қала, мемлекет (11 p.t.).

4. Мақала атауы – мақаланың тілінде, Caps Lock 12 p.t.

5. Қазақ тіліндегі мақала үшін *түйін* – 100-150 сөз және *кілт сөздер*, мақаладан кейін *түйіннің* аудармасы *аннотация* және *ключевые слова*, *abstract* және *keywords* 11 p.t. *Түйін* - ғылыми жұмыстың қысқаша мазмұны. *Түйіннен* оқырман зерттеудің мәнін түсінуі қажет. Жұмыстың нәтижесі өте дәл және ақпаратқа толы түрде сипатталады. Мәтінде маңызсыз ақпарат, қосымша кіріспе сөздер, жалпы және шамалы тұжырымдар, қысқартулар, әдебиеттерге сілтемелер болмауы керек. *Түйін* бір абзацта жазылуы қажет.

Сапалы өңделген және аударылған түйін мақалаға деген қызығушылықты, сондай-ақ шетелдік әріптестердің мақалаға сілтеме жасау мүмкіндігі арттырады.

6. Кілт сөздер - 10 сөзге дейін, 11 p.t.

7. Мақаланың мәтіндік бөлімі (12 p.t.). Мақаланы тақырыптар арқылы жазу қажет, мысалы:

Кіріспе (міндетті), Теориялық талдау, Тәжірибелік бөлім, Зерттеу әдістері. Нәтижелер мен талқылау. Қорытындылар (міндетті), Белгілер

8. Әдебиеттер тізімі (міндетті), Referens list. Әдебиеттің латын тілде транслитерациясы. Кестелер мен суреттер мәтенде аталғаннан кейін орналасуы керек. Әр кестенің атауы болуы қажет. Суреттер анық, сканерленбеген болуы қажет. Сурет асты жазба үлгісі: Сурет 1. Тәуелділік ...: а - ... ; ә - , сілтемелер [1, 58], яғни 1- сілтеме, 58 бет.

Барлық аббревиатуралар мен қысқартулар, бұраннан белгілілерін қоспағанда, мәтінде бірінші рет айтылған кезде толық жалуы қажет.

9. Әдебиеттер тізіміне тек мәтінде сілтемелер жасалаған және жарияланған немесе жариялануға қабылданған жұмыстар ғана ене алады. Әдебиет көздері мәтінде қолданылған ретімен нөмірленуі қажет. Өз-өзіне жазалған сілтемелер саны жалпы тізімнің 20-30% -ынан аспауы қажет. 10-15 жылдан аспайтын әдеби көздер тізімні кемінде 70% болуы қажет.

10. Түйін (қазақ тіліндегі мақалалар үшін орыс және ағылшын тілдерінде, орыс тіліндегі мақалалар үшін қазақ және ағылшын тілдерінде, ағылшын тіліндегі мақалалар үшін қазақ және орыс тілдерінде болуы қажет). Httр сайтындағы орыс тілді дереккөздердің транслитерациясы:// translit.ru латын қарпіне орыс мәтінін транслитерациялау бағдарламасы. Ол үшін сілтеме арқылы тіркелу керек <http://translit.ru/register/> және кодты пайдаланып бағдарламаға кіру, ашылмалы тізімде «опциялар...» АҚШ Мемлекеттік департаментінің (BSI) жүйесінің нұсқасын таңдау үшін «орыс BSI транслиті қосылды» деген тіркес пайда болуы керек. Осыдан кейін арнайы өріске орыс тіліндегі библиографияның барлық мәтінін енгізіп, «в транслит» батырмасын басу керек. Дереккөздің орыс тілінде шығарылғаны көрсетілген: (In Russian). Егер аннотацияның ағылшын тіліне аудармасы болса, ол да көрсетіледі: (in Russian abstract in English). Латын әліпбиіне қазақ дереккөздерінің транслитерациясы ғ, ң, і, қ, ұ, ү, ө, ә, х әріптері және жалпы сөздер мен мәтін, сайт <https://intellect.icu/tools/translit-kazach-online>

11. Қатынас хаттар үшін жауапты автор туралы ақпарат: толық аты-жөні, телефон нөмірі, электронды поштасы. Журналдың редакциялық алқасы жариялауға берілген барлық мақалаларды, плагиатқа қарсы тексеруді базада өткізеді <https://ukgu.kz.antiplagiat.com/>, мәтіннің бірегейлігі 75-100% болуы керек.

**Қосымша1**

FTAXP (MPHTI): 541.18 (шрифт көлемі – 11 p.t.)

<https://orcid.org/> (әр авторға)

**Медетбекова Н.\* (12 p.t.)**

филолог.ғ.к, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан (11 p.t.)

*егер бірнеше автор болса келесідей рәсімделеді:*

**<sup>1</sup>Токтаров Д.К.,\* <sup>2</sup>Жұмағұлов Е.М.**

<sup>1</sup> тарих ғ.д., доцент, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, Қарағанды, Қазақстан

<sup>2</sup> педагог.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

**ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ (12 p.t.)**

\*Автор - корреспондент: [medet\\_2030@mail.ru](mailto:medet_2030@mail.ru) **3 тілде**

**Түйін:** (11 p.t.) 100-150 сөз болуы қажет

**Кілт сөздер:** (11 p.t.) 7-10 сөз болуы қажет

**Негізгі мәтін** (12 p.t.) Кіріспе - зерттеу мақсаты, міндеті, әдістері, (міндетті), Теориялық талдау, Тәжірибелік бөлім, Нәтижелер мен талқылау. Қорытынды (міндетті)

**Әдебиеттер тізімі** (12 p.t.)

**Referens list:**

**Аннотация:** (11 p.t.) 100-150 сөз болуы қажет

**Ключевые слова:** 7-10 сөз болуы қажет

**Abstract:** (11 p.t.) 100-150 сөз болуы қажет

**Key words:** 7-10 сөз болуы қажет

*жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы)*

**Жариялым құны:** 8000 (сегіз мың) теңге

**Банк реквизиттері:** АҚ «Еуразиялық банкі»,

«М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ

СТТН 582100003432

ЖСК KZ 9894815KZT22032170 (KZT)

ЖСК KZ0294815EUR22030240 (EUR)

ЖСК KZ8494815RUB22030380 (RUB)

ЖСК KZ3294815USD22030617 (USD)

БСК EURIKZKA

Коды 16

БСН 990240005557

ҚҰЖЖ 39140473

ЭҚТЖЖ коды 85420

ӘАОЖ коды 511013100

ЖСН:590217402425

**Министерство культуры и спорта Республики Казахстан**  
**Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан**  
**Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова**

Уважаемые коллеги!

Научный центр «История и этнология» Южно-Казахстанского университета им.М. Ауэзова приглашает **17 мая 2024 года принять участие в работе международного круглого стола «Великая Степь в период Улуса Джучи»**, проведение которого введено в одно из мероприятий республиканского плана, на основании утвержденного Приказом Министерства культуры и Спортa Республики Казахстан (*приказ №60 от 24 февраля 2023 года*), перечень юбилеев и памятных дат на 2023-2025 годы, и включено в пункт 52 «800-летие со дня образования Улуса Жучи» плана Министерства науки и высшего образования.

XIII век был периодом великих поворотов в мировой цивилизации, которые привели к коренным изменениям в построении глобального общества. Одно из них - создание Улуса Джучи в Великой Степи. Джучи - военный стратег, тактик, известный полководец и герой, участвовавший в более чем 60 крупных сражениях, покоривший страны, около 200 крепостей и городов мира. По предложению Чингис хана он создал свой улус в Кыпчакских степях. В истории это называется «Улус Джучи» или «Кыпчакское ханство».

По словам исследователей, на территорию, обращенную под Джучи, проникло 65 процентов современной казахской земли. Позже в состав этой территории вошли европейский регион России, регионы востока Балтийского моря, Польша, Венгрия, Балканские страны, Северный Кавказ, Хорезм, Восточные и Западные степи Дешт-и-Кипчак. Таким образом, общая площадь огромной степи, ставшей Улусом Джучи или Кыпчакской степью, достигла 10 миллионов квадратных километров.

Улус Джучи - считается протоказахским государством. Улус Джучи занимал особое место в истории Казахстана. Основа этого тюркского государства, созданного в Казахской Степи, заложена в созданием Казахского ханства. Династия Джушидов от Джуши правила на территории Казахстана в течение 6 веков с 1224 по 1860 годы. Этот период стал важным для истории Казахстана, был «золотым веком» нашей государственности.

Президент РК Касым-Жомарт Токаев в своем обширном интервью газете «Егемен Қазақстан» от 3 января 2024 года сказал: «Мы как интеллектуальная нация должны смотреть только вперед» и отметил, что в этом году будут проведены масштабные исследования истории Улуса Джучи, знаменующего собой 800-летие со дня основания нашей государственности, сосредоточив внимание на нескольких датированных исторических событиях в стране. Поэтому важно чествовать и на достойном уровне отметить 800-летний юбилей Улуса Джучи.

**Цель круглого стола** - изучение истории Улуса Джучи, проблем его исторической преемственности с казахской государственностью с позиций новых подходов и методологических позиций. Поиск ответов на вопросы о том, насколько изучены отдельные исторические личности, исторические события и процессы, духовно-культурная и политико-историческая преемственность с Казахским ханством при изучении Улуса Джучи.

**На круглом столе планируется обсуждение вопросов по следующим направлениям:**

1. Изучение новых источников об истории Улуса Джучи;
2. Новые подходы и методологические основы к истории Улуса Джучи;
3. Новые историографические и источниковедческие достижения в изучении истории Казахстана;
4. Место и деятельность исторических личностей в Улусе Джучи;
5. Проблемы преемственности Золотой Орды и Казахского ханства;
6. Актуальные проблемы изучения истории Казахского ханства;
7. Культурное наследие эпохи Улуса Джучи;
8. История этнического становления Улуса Джучи;
9. Средневековые города при Улусе Джучи;
10. Роль музеев в популяризации истории Улуса Джучи

**К участию в международном круглом столе, презентации научных исследований и обсуждению результатов** приглашаются научные сотрудники научно-исследовательских институтов, профессорско-преподавательский состав вузов, представители органов государственной власти и сферы культуры, докторанты и магистранты, а также педагоги-исследователи, методисты, молодые ученые-соискатели.

Заявки на участие в круглом столе должны быть направлены в организационный комитет до **30 апреля 2024 года**.

**Призанные 3 «Лучшие» научных исследования опубликуются статьями в Республиканском научном журнале «QAZAQTANÝ» научного центра «История и этнология» во 2-м квартале, 22-м номере, июнь 6-й месяц 2024 года 2 (22) 06/ 2024 в соответствующих рубриках:** *История Казахстана; всемирная история; антропология; археология; этнология; тюркология; архивное дело; музейное дело; библиотечное дело; политология; философия; культурология; Юриспруденция; международные отношения; экономика; социология; краеведение; личностоведение; этнополитические и этнокультурные процессы современного Казахстана, язык и литература; искусство; изобразительное искусство и дизайн*). Для публикации в журнале необходимо учитывать 75% подлинности (антиплагиат). Рабочие языки: казахский, русский, английский. Совместный авторский коллектив - публикации совместно с учеными республиканского или международного уровня до 3-х человек. **Авторским коллективам, заинтересованным публикацией своих статей, обсужденных и утвержденных на круглом столе** могут опубликовать свои статьи в журнале в номер 2 (22) 06/ 2024, ознакомившись с сайтом <https://qazaqtany.uezvov.edu.kz>, требованиями к статьям, и оплатив 8000 (восемь тысяч) тенге.

#### **Связь с организационным комитетом:**

**1. Торгаутова Шолпан Аширалиевна** - магистр истории, руководитель научного центра «История и этнология» ЮКУ им.М. Ауэзова; член РОО «Ассоциация кафедр АНК» Шанырақ», ответственный редактор республиканского научного журнала «QAZAQTANÝ». Тел.: 8-701-647-15-14; [torgautova82@mail.ru](mailto:torgautova82@mail.ru);

**2. Карибаев Сарсебай Ускенович** – кандидат исторических наук, доцент кафедры «История Казахстана» ЮКУ им.М. Ауэзова, старший научный сотрудник Научного центра «История и этнология». Тел.: 8-701-364-52-58; [ksarsebay@mail.ru](mailto:ksarsebay@mail.ru)

**Адрес:** Шымкент, проспект Тауке хана, 5. Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, здание в, 2 этаж, кабинет 204 научный центр «История и этнология» научно-исследовательского института «Социально-гуманитарные науки».

Для включения в программу круглого стола необходимо предоставить в адрес оргкомитета регистрационную форму участника (см.Приложение). К публикации принимаются тщательно проверенные и отредактированные тексты.

#### **Требование к оформлению статьи**

1. Текст статьи предоставляется на бумажном носителе и в электронном виде. Текст должен быть набран в текстовом редакторе Microsoft Word, шрифт Times New Roman, размер шрифта основного текста - 12 p.t., рисунков, диаграмм – 11 p.t., межстрочный интервал – одинарный, отступ в начале абзаца - 1,0, выравнивание по ширине.

2. Параметры страницы: формат А4, поля: левое - 2 см, правое - 2 см, верхнее - 2 см, нижнее - 2 см.

3. Общий объем статьи, включая таблицы, иллюстрации и список литературы – от 3-х до 10-ти страниц.

4. Название статьи должно быть кратким и отражать ее содержание.

5. Для статьи на казахском языке *түйін* и *кілт сөздер*, для статьи на русском языке *аннотация* и ключевые слова, для статьи на английском языке *abstract* и *keywords* обязательны. Содержание *аннотации*, *түйін* и *abstract* должно быть идентично. Количество слов – 100-150. Резюме научной работы. Из узла читатель должен понять суть исследования. Результат работы описывается в очень точной и информативной форме. В тексте не должно быть существенной информации, дополнительных вводных слов, общих и незначительных умозаключений, сокращений, ссылок на литературу. Узел должен быть написан в одном абзаце. *Качественно отредактированный и переведенный узел повышает интерес к статье, а также возможность цитирования статьи иностранными коллегами.*

#### **Структура статьи**

1. МРНТИ – в левом верхнем углу (11 p.t.).

2. Ф.И.О. автора(-ов) (12 p.t.). <https://orcid.org/>

3. должность, ученая степень и ученое звание, наименование организации, город, страна (11 p.t.).

4. Название статьи - на языке статьи, Caps Lock 12 p.t.

5. Аннотация - на трех языках (русский, казахский, английский), 11 p.t.

Аннотация (авторское резюме) представляет собой краткое резюме научной работы. По аннотации читателю должна быть понятна суть исследования. Результаты работы описываются предельно точно и информативно. Текст не должен содержать второстепенной информации, лишних вводных слов, общих и незначительных формулировок, аббревиатур, ссылок на литературу. Аннотация оформляется одним абзацем. *Качественно оформленная и переведенная аннотация повышает интерес к статье, а также вероятность цитирования статьи зарубежными коллегами.*



**6. Ключевые слова - до 10-ти слов, 11 p.t.**

7. **Текстовая часть статьи (12 p.t.).** Следует структурировать статью, используя заголовки, например: **Введение (обязательно), Теоретический анализ, Методы исследования, Экспериментальная часть, Результаты и их обсуждение, Выводы (обязательно), Обозначения,**

8. Список литературы. Введение (обязательно), Теоретический анализ, Методы исследования, Экспериментальная часть, Результаты и их обсуждение, Выводы (обязательно). Referens list – транслитерация на английском языке. Заголовки нумеруются. Таблицы и рисунки необходимо располагать после упоминания. Каждая таблица должна иметь название. Рисунки должны быть четкими, несканированными. Образец подрисовочной подписи: Рис. 1. Зависимость ...: а – ...; б – ..., сноски [1, 58], то есть 1-я сноска, 58 стр.

9. Все аббревиатуры и сокращения, за исключением заведомо известных, следует расшифровать при первом упоминании в тексте.

10. Список литературы должен включать только те работы, которые цитируются в тексте и которые были опубликованы или приняты к публикации. Литературные источники должны нумероваться в порядке их упоминания в тексте. Самоцитирование не должно превышать 20-30% от общего списка. Литературные источники давностью не более 10-15 лет должны составлять не менее 70% списка. **Транслитерация русскоязычных источников** на сайте <http://translit.ru> программа транслитерации русского текста в латиницу. Для этого нужно зарегистрироваться по ссылке <http://translit.ru/register/> и войдя в программу с использованием кода, в выпадающем списке «варианты...» выбрать вариант системы Госдепартамента США (BSI) Должна появиться фраза «Включен русский BSI транслит». После этого в специальное поле нужно вставить весь текст библиографии на русском языке и нажать кнопку «в транслит». Указывается, что источник издан на русском языке: (In Russian). Если есть перевод аннотации на английский язык, это также указывается: (In Russian abstract in English). **Транслитерация казахских источников** на латиницу буквы ғ, ң, і, қ, ұ, ү, ө, ә, һ и в целом слова и текст, сайте <https://intellect.icu/tools/translit-kazach-online>

11. Сведения об авторе, ответственном за переписку: Ф.И.О., номер телефона, e-mail. Редколлегия журнала подвергает все статьи, поданные на публикацию, проверке на антиплагиат, на базе <https://ukgu.kz.antiplagiat.com/>, уникальность текста должна составлять 75-100%.

**Приложение 1**

МРНТИ: (размер шрифта – 11 p.t.) <a href="https://orcid.org/">https://orcid.org/</a> (на каждого автора)
<b>Медетбекова Н.* (12 p.t.)</b> к.филолог.н., доцент, ЮКУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан (11 p.t.) <i>если авторов статьи несколько, то оформляется следующим образом:</i>
<b><sup>1</sup>Токтаров Д.К.,* <sup>2</sup>Жумагулов Е.М.,</b>
<sup>1</sup> д.ист.н., профессор, КарГУ им. Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан (11 p.t.)
<sup>2</sup> к.педагог.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан (11 p.t.)
<b>ИССЛЕДОВАНИЕ ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ –ТРЕБОВАНИЕ ВРЕМЕНИ (12 пт.)</b>
*Автор - корреспондент: <a href="mailto:medet_2030@mail.ru">medet_2030@mail.ru</a> на 3-х языках
<b>Аннотация:</b> 100-150 слов (11 p.t.)
<b>Ключевые слова:</b> (11 p.t.) 7-10 слов
Основной текст (12 p.t.) Введение (обязательно), Теоретический анализ, Методы исследования, Экспериментальная часть, Результаты и их обсуждение, Выводы (обязательно)
<b>Список литературы(12 p.t.)</b> <b>Referens list</b>
<b>Түйін:</b> 100-150 слов (11 p.t.)
<b>Кілт сөздер:</b> 7-10 слов
<b>Abstract:</b> 100-150 слов (11 p.t.)
<b>Keywords:</b> 7-10 слов
<i>Сведения об авторе, ответственном за переписку (место работы, номер телефона, электронная почта)</i>

**Банковские реквизиты:**

**160012, Республика Казахстан, Шымкент, пр.Тауке хана, 5.**

**Банковские реквизиты РГП на ПХВ «ЮКУ им. М.Ауэзова»**

АО «Евразийский банк»

РНН 582100003432

ИИК KZ 9894815KZT22032170 (KZT)

ИИК KZ0294815EUR22030240 (EUR)

ИИК KZ8494815RUB22030380 (RUB)

ИИК KZ3294815USD22030617 (USD)

БИК EURIKZKA

Код 16

БИН 990240005557

ОКПО 39140473

Код ОКЭД 85420

Код КАТО 511013100